

## БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

**Қалдық заттарға екінші өмір сыйлау.**ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.05.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/96823/>**Сабақтың тақырыбы:** Қалдық заттарға екінші өмір сыйлау**Сабақтың мақсаты:** табиғи заттарды тастамауға, керісінше олардан пайдалы заттар жасауға дағдыландыру. Қоршаған ортаны ластамауға, табиғатты аялап күтуге тәрбиелеу.**Сабақтың түрі:** Дамытушылық сабақ**Сабақтың көрнекілігі:** Киімдер**Сабақ барысы:** Ұйымдастыру бөлімі:

Оқушылар мен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу

Сабаққа деген қызығушылығын ояту

Сабаққа керек-жарақтарын түгелдеу

Жаңа сабақ:

Кез келген үйден істен шыққан, керексіз заттардың табылары анық. Сол керексіз заттарды далаға лақтырмай, пайдаға асырып көрдіңіз бе? Орайын тапқан адам күл-қоқыстың өзінен де өзге бірдеңе жасап шығарады. Ол үшін қиялға қанат бітіріп, ақылға жүгінсеңіз болғаны. Сіз жасап шығарған нәрсенің тұтынуға тиімді болғаны абзал. Әрине басқадан ерекше, өзгеше бір нәрсе ойлап табамын десіңіз тіпті керемет.

Баяғыда бір данышпан «Әлемді қоқысқа толдырып қайтесіз. Бұл әлем онсыз да лас» деген екен. Бұл сөздер біздің оймызға дәл келіп тұрған сияқты. Ендеше керексіз заттарды «керек» қылып үйренейік.

Сабақ барысында қалдық заттардан алаша жасауды үйренеміз Ол үшін алдымен керек заттарды түгендеп алайық.

Бүгінгі сабаққа керек жарақтар

1. Қайшы
2. Ілмек

### 3. Киімдер

Алдымен киімдерді қиамыз,

Содан кейін қиған киімізді дөңгелектеп ораймыз,

Қиған киімізді дөңгелектеп ораған соң тоқимыз,

Дайын болған алаша,

**Қортынды:** Қалдық заттарды тек қоқыс ретінде қарамауға бүгінгі сабағымызда көз жеткіздік. Кез-келген жағдайда қоқыс керексіз заттардың да, тұрмыста қажеті бар екені, олардан бұйым жасауды, алаша тоқуды үйрендік.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.